

1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 КІРІСПЕ

Осы ережелер Қазақстан Республикасының заңнамасына және нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес WorldSkills Kazakhstan кәсіби шеберлік конкурстарын (бұдан әрі – Чемпионат) ұйымдастыру және өткізу тәртібін айқындайды.

WorldSkills Kazakhstan қозғалысының миссиясы – жұмысшы мамандықтарының беделі мен дайындық деңгейін арттыру, республиканың экономикалық өсіміне және азаматтардың жеке мансаптық өсуіне қол жеткізуде кәсіби дағдылардың маңыздылығын күшейту.

WorldSkills Kazakhstan ұлттық чемпионаты мыналардан тұрады:

1. Өңірлік чемпионаттар;
2. Салалық/корпоративтік чемпионаттар;
3. Республикалық чемпионат.

1.1.1 ЧЕМПИОНАТТЫҢ РӨЛІ, МАҚСАТЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ

Рөлі:

WorldSkills Kazakhstan ұлттық чемпионаты – кәсіби шеберлікті айқындайтын ресми конкурс болып табылады. Ол жоғары деңгейде дайындығы бар, болашағынан үміт күттіретін жастарды анықтауды және қолдауды қамтамасыз етеді, ұлттық кадрлық резервті қалыптастырады және WorldSkills қозғалысының халықаралық конкурстарына қатысуға кандидаттарды іріктеуге мүмкіндік береді.

Мақсаты:

Қазақстан Республикасының дарынды, кәсіби бағдарланған жастарын анықтау және дамыту үшін жағдай жасау, сондай-ақ WorldSkills халықаралық стандарттарына сәйкес кәсіби даярлық деңгейін объективті бағалау.

Міндеттері:

- кадрларды даярлау жүйесін қалыптастыру мен бағалауға индустрия және экономиканың нақты сектор өкілдерін тарту;
- кәсіби даярлық мазмұны мен бағалау тетіктерін халықаралық озық тәжірибелер мен WorldSkills стандарттарын ескере отырып жаңарту;
- Қазақстан Республикасының сарапшылар қауымдастығының кәсіби деңгейін арттыру және дамыту.

1.2 НЕГІЗГІ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Чемпионаттың негізгі құндылықтары: кәсіби шеберлік, бағалаудың әділдігі мен объективтілігі, инновациялық даму, адалдық, серіктестік және рәсімдердің ашықтығы.

1.3 ҚАҒИДАЛАРДЫ ҚОЛДАНУ АЯСЫ

Осы Қағидалар Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында WorldSkills Kazakhstan өңірлік чемпионаттары мен республикалық чемпионатын ұйымдастыру және өткізу бойынша бірыңғай талаптар мен рәсімдерді белгілейді.

Осы Қағидалардың күші Чемпионатты ұйымдастыруға және өткізуге қатысатын барлық тұлғаларға қолданылады, оның ішінде: қатысушылар, сарапшылар, техникалық делегаттар, техникалық делегаттардың ассистенттері, тим-лидерлер, бақылаушылар, сондай-ақ Чемпионат шеңберінде функциялар мен рөлдерді орындайтын басқа да тағайындалған тұлғалар (бұдан әрі – Қатысушылар).

1.4 ТӘРТІПТІК ЖАЗА

Осы Ережелердің талаптарын бұзған немесе Чемпионатты тиісті деңгейде ұйымдастыруға және өткізуге кедергі келтіретін әрекеттерге (әрекетсіздікке) жол берген аккредиттелген Қатысушыларға осы Қағидалардың 12-бөлімінде белгіленген тәртіпке сәйкес тәртіптік ықпал ету шаралары қолданылады.

2 ЖАРЫСТАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

2.1 ЖАЛПЫ БАСШЫЛЫҚ

2.1.1 БАС АССАМБЛЕЯ

Бас Ассамблея – **WorldSkills Kazakhstan қозғалысының** жоғары алқалы басқару органы болып табылады. Бас Ассамблея отырысында қабылданған шешімдер **WorldSkills Kazakhstan қозғалысының** Қатысушылары үшін міндетті болып табылады.

2.1.2 ҰЛТТЫҚ ОПЕРАТОР

WorldSkills Kazakhstan қозғалысының Ұлттық операторы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің бұйрығымен айқындалады.

2.2 ЧЕМПИОНАТТЫ БАСҚАРУ

WorldSkills өңірлік чемпионаттарын басқару белгіленген тәртіппен құрылатын **Ұйымдастыру комитеті** арқылы жүзеге асырылады. Ұйымдастыру комитеті өңірлік деңгейде Чемпионаттарды дайындау және өткізу бойынша жалпы басшылықты қамтамасыз етеді, сондай-ақ тиісті өңір шегінде Қатысушылардың өкілеттіктерін, функцияларын және жауапкершілігін айқындайды.

WorldSkills Kazakhstan республикалық чемпионатын басқаруды **Ұлттық оператор** жүзеге асырады. Ол Чемпионатты дайындау мен өткізудің жалпы басшылығына жауап береді, **WorldSkills Kazakhstan қозғалысы** Қатысушыларының өкілеттіктерін, функциялары мен жауапкершілігін белгілейді және осы Қағидалардың талаптарының сақталуын қамтамасыз етеді.

2.3 ШАРТТАР ЖӘНЕ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Өңірлік чемпионаттың Ұйымдастыру комитеті және Республикалық чемпионаттың Ұлттық операторы (бұдан әрі – **Ұйымдастырушы**) барлық Қатысушылар үшін тең қатысу жағдайларын қамтамасыз етуге міндетті.

Ұйымдастырушы Чемпионатты өткізу үшін қажетті ұйымдастырушылық, техникалық және инфрақұрылымдық жағдайларды жасауы тиіс. Бұған әрбір құзыреттілік бойынша тиісті үй-жайларды, жұмыс алаңдарын және жабдықтарды **құзыреттіліктің техникалық сипаттамасына және инфрақұрылымдық параққа** сәйкес ұсыну кіреді.

2.4 ЧЕМПИОНАТ БАҒДАРЛАМАСЫ

Ұйымдастырушы Чемпионатты өткізуге арналған барлық Қатысушылар үшін міндетті **жалпы бағдарламаны**, сондай-ақ Чемпионаттың **ашылу және жабылу рәсімдерінің бағдарламасын** әзірлеуді және бекітуді қамтамасыз етеді.

3 ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕР

WorldSkills Kazakhstan қозғалысы келесі салаларды қамтитын құзыреттіліктер арасындағы теңгерімді сақтауға және дамытуға ұмтылады:

- Құрылыс және құрылыс технологиялары
- Ақпараттық және коммуникациялық технологиялар
- Өндірістік және инженерлік технологиялар
- Өнер және дизайн
- Әлеуметтік және жеке қызметтер
- Көлік және логистика
- Білім беру
- Экономика және құқық
- Ауыл шаруашылығы

3.1 ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРДІҢ АУҚЫМДЫҒЫ

WorldSkills Kazakhstan қозғалысы барлық тоғыз сектор аясында құзыреттіліктер мен жарыс форматтарының тізбесін келесі бағыттар бойынша дамытып, кеңейтеді:

Технологиялық және салалық даму – экономиканың бәсекеге қабілеттілігін және салалардың тұрақты дамуын қамтамасыз ететін заманауи кәсіби құзыреттіліктер;

Цифрландыру, АКТ және жасанды интеллект – ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, процестерді цифрландыру, киберқауіпсіздік, жасанды интеллект, деректерді талдау және зияткерлік ақпараттық жүйелерді енгізу саласындағы құзыреттіліктер;

Инновациялар және озық технологиялар – робототехникалық, автоматтандырылған және ұшқышсыз жүйелерді әзірлеу, бағдарламалау және пайдалану, соның ішінде зияткерлік шешімдерді біріктіру;

Әлеуметтік және әмбебап дағдылар – коммуникациялық, басқарушылық және пәнаралық құзыреттіліктер, соның ішінде креативтілік, бастамашылдық, командалық жұмыс және күрделі кәсіби міндеттерді шешу;

Мәдени және қолданбалы мұра – дәстүрлі кәсіп түрлерін, ұлттық қолөнерді және мәдени мұраны қазіргі заманғы технологияларды қолдана отырып көрсететін құзыреттіліктер.

3.2 КОНКУРСҚА ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРДІ ІРІКТЕУ

Конкурсты өткізу үшін құзыреттіліктерді іріктеу Қазақстан Республикасының экономикасының өзекті қажеттіліктерін, Өңірлердің әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктерін талдау негізінде, сондай-ақ тиісті құзыреттіліктерге нақты сұранысты ескере отырып жүзеге асырылады.

Бұл ретте **70/30 қағидатын** сақтау ұсынылады:

• құзыреттіліктердің **70%-ы** өңірлердің әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктері мен өңірлік чемпионаттардың нәтижелері негізінде анықталады;

• қалған **30%-ы** ұйымдастырушының бастамасы мен басымдықтарына сәйкес қалыптастырылады.

Бұл инновациялық бағыттарды енгізу, озық дамуды қамтамасыз ету және WSK жүйесінің стратегиялық міндеттерін іске асыру мақсатында жүзеге асырылады.

3.3 ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРДІҢ ТҮРЛЕРІ

ҚҰЗЫРЕТТІЛІК	ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ САНЫ	CIS ЖҮЙЕСІ	ЧЕМПИОНАТ ЕРЕЖЕСІ	МЕДАЛЬДАР	ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫ НӘТИЖЕЛЕРІ
Ресми	6 қатысушы	✓	✓	✓	✓
Ресми командалық	6 команда	✓	✓	✓	✓
Демонстрациялық	3 - 5 Қатысушы (команда)	✓	✓	✓	✓
Презентациялық (Көрсетілімдік)	3-тен аз қатысушы (команда)				

3.3.1 Ресми құзыреттіліктер (жеке)

Ресми жеке құзыреттіліктер кемінде алты конкурсанттың қатысуымен өткізіледі. Осы құзыреттіліктер бойынша конкурс CIS жүйесін қолдану арқылы және Чемпионат қағидаларына сәйкес өткізіледі.

Конкурс қорытындысы бойынша медальдар беріледі, ал қатысушылардың нәтижелері Чемпионаттың қорытынды нәтижелеріне енгізіледі.

3.3.2 Ресми құзыреттіліктер (командалық)

Ресми командалық құзыреттіліктер кемінде алты команданың қатысуымен өткізіледі. Бағалау CIS жүйесін қолдану арқылы және Чемпионат қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Конкурс нәтижелері бойынша медальдар тағайындалады, ал командалардың қорытынды нәтижелері Чемпионаттың жалпы қорытынды нәтижелеріне енгізіледі.

3.3.3 Демонстрациялық құзыреттіліктер

Демонстрациялық құзыреттіліктер үштен беске дейінгі конкурсанттар немесе командалардың қатысуымен өткізіледі. Конкурс CIS жүйесін қолдану арқылы және Чемпионат қағидаларына сәйкес жүргізіледі.

Демонстрациялық құзыреттіліктердің қорытындысы бойынша бір медаль тағайындалуы мүмкін, ал нәтижелер Чемпионат шеңберінде тіркеледі.

3.3.4 Презентациялық құзыреттер

Презентациялық құзыреттіліктер үштен аз конкурсанттар немесе командалардың қатысуымен өткізіледі. Өткізу CIS жүйесін қолданбай және Чемпионат қағидаларының қолданылуынан тыс жүзеге асырылады.

Презентациялық құзыреттіліктер бойынша медальдар берілмейді және қорытынды нәтижелер қалыптастырылмайды.

3.4 ЖАҢА ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ ЕНГІЗУ

WorldSkills Kazakhstan қозғалысы жаңа құзыреттіліктерді енгізуді қолдайды.

Қатысушы өңір жаңа құзыреттіліктер бойынша Чемпионаттар өткізіп, оларды Ұйымдастырушыға ұсына алады.

3.5 ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ АЛЫП ТАСТАУ

Осы бөлімде құзыреттіліктерге қатысты шешім қабылдау тәртібі олардың мәртебесіне, сондай-ақ алдын ала тіркеу кезеңіндегі және Чемпионатқа нақты қатысқан қатысушылар санына байланысты белгіленеді.

Кестеде құзыреттіліктерді сақтау, мәртебесін өзгерту немесе ағымдағы Чемпионат бағдарламасынан алып тастау шарттары, сондай-ақ Ұйымдастырушы тарапынан қабылданатын тиісті ұйымдастырушылық шаралар көрсетіледі.

Бұл шаралар қатысушылардың мәлімделген және нақты құрамын, конкурстың өткізу форматын және қаржыландыру көздерін ескере отырып қабылданады.

КОНКУРС МӘРТЕБЕСІ	ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ АЛДЫН-АЛА ТІРКЕЛУІ	НАҚТЫ ҚАТЫСУШЫЛАР	ҚАБЫЛДАНАТЫН ШАРАЛАР
Ресми құзыреттілік	Кемінде 6 қатысушы (6 команда)	Кемінде қатысушы (6 команда)	6 Бекітілген кезде ағымдағы Чемпионаттың тізіміне енгізіледі
Ресми құзыреттілік	Кемінде 6 қатысушы (6 команда)	3–5 қатысушы немесе команда	Демеушілер болған жағдайда және/немесе шығындар өтінім берген қатысушы тарапынан жабылған жағдайда ағымдағы Чемпионат тізіміне демонстрациялық құзыреттілік ретінде енгізіледі
Демонстрациялық құзыреттілік	3–5 қатысушы немесе команда	3-тен аз қатысушы немесе команда	Демеушілер болған жағдайда және/немесе шығындар өтінім берген қатысушы тарапынан жабылған жағдайда ағымдағы Чемпионат тізіміне презентациялық құзыреттілік ретінде енгізіледі
Презентациялық құзыреттілік	3-тен аз қатысушы немесе команда	Қатысушы жоқ	Ағымдағы Чемпионат тізімінен алынып тасталады

4 ЧЕМПИОНАТҚА ТІРКЕЛУ

4.1.ЧЕМПИОНАТҚА ТІРКЕЛУ

Чемпионатқа тіркелу Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес екі кезеңде (алдын ала және қорытынды) жүргізіледі.

Ағымдағы жылғы Чемпионаттарды өткізу үшін Ұйымдастырушы Қатысушылардан өтінімдер қабылдайды, сол өтінімдер негізінде Чемпионаттың

құзыреттіліктері айқындалады. Чемпионаттың барлық Қатысушылары міндетті түрде тіркеуден өтуі тиіс.

Республикалық Чемпионаттың таңдалған құзыреттіліктеріне қатысу үшін техникалық делегат Қатысушыларды **Ұлттық оператор ұсынған нысандар бойынша онлайн тіркеуді** жүзеге асырады.

Республикалық Чемпионатқа қатысуды қамтамасыз ету үшін **толық ақпарат ұсынылуы тиіс**. Бұл талап орындалмаған жағдайда Қатысушы туралы деректер баспа материалдары мен ақпараттық тақтайшаларға енгізілмейді.

Техникалық делегаттар Қатысушылардың деректерін **дұрыс жазу мен форматтауға тікелей жауапты** болады.

Техникалық делегат Республикалық Чемпионат өткізілгенге дейін **С-7 ай бұрын** Ұлттық операторға өңірлік чемпионаттың құзыреттіліктер тізімін ұсынады.

Республикалық Чемпионат қатысушыларының толық деректерімен **қорытынды тіркеу С-2 айда аяқталады**.

Егер көрсетілген мерзімнен кейін қатысушы жарыстан шығарылса немесе бас тартса, тиісті өңір чемпионатты дайындауға байланысты Ұйымдастырушы жұмсаған шығындарды өтеуге міндетті. Бұл шығындарға:

- тұтыну материалдарын сатып алу,
- жабдықтарды жалға алу,
- логистика,
- сондай-ақ осы конкурсанттың қатысуына байланысты өзге де ұйымдастырушылық шығындар жатады.

5 ҚОЛ ЖЕТІМДІЛІК ЖӘНЕ РҰҚСАТ АЛУ

5.1 ЖАУАПКЕРШІЛІК

Чемпионатты ұйымдастырушы қатысушылардың рұқсат алуын қамтамасыз етеді.

5.2 ЧЕМПИОНАТ ӨТЕТІН ОРЫНҒА ҚОЛ ЖЕТІМДІЛІК

Республикалық чемпионат өтетін орынға, әдетте, бақылаушыларға, бұқаралық ақпарат құралдарына және кең қоғамға бірінші конкурс күніне дейін және конкурс аяқталғаннан кейін кіруге тыйым салынады. Бақылаушылар мен БАҚ өкілдеріне арнайы кіру әр нақты жағдайда Ұлттық оператормен келісу арқылы берілуі мүмкін.

5.3 ЖҰМЫС АЛАҢДАРЫНА ҚОЛ ЖЕТІМДІЛІК

Тек рұқсат алған қатысушыларға жұмыс алаңдарына кіруге рұқсат етіледі. Қатысушылар тек өздеріне рұқсат берілген алаңға ғана кіре алады.

5.3.1 Кез келген уақытта кіру

Қатысушының жұмыс алаңына кез келген уақытта кіруге Чемпионатты ұйымдастырушының өкілдеріне рұқсат беріледі.

5.3.2 Ерекше жағдайларда кіру рұқсаты

Төмендегі тұлғалар белгілі бір жағдайларда қатысушылардың жұмыс орнына кіру құқығына ие болады. Алайда олар алаңға алғаш келген кезде **құзыреттілікті басқару тобына өздерін таныстыруы тиіс**:

- **Тим-лидерлер** өз өңірінің қатысушылары жарақат алған жағдайда олардың жұмыс алаңдарына кіре алады;

- **Техникалық делегаттар / техникалық делегаттардың ассистенттері** даулы жағдайлар туындаған кезде қатысушыларының жұмыс алаңдарына бара алады.

Қатысушының жұмыс алаңындағы жұмыс орындарына басқа тұлғалардың кіруі әрбір нақты жағдайда Ұйымдастырушының келісімімен және Бас сарапшының рұқсатымен жүзеге асырылуы тиіс.

6 РӨЛДЕР

6.1 ҚАТЫСУШЫ

6.1.1 Қатысушылар саны

Өңірлік чемпионатқа қатысу үшін мекеме әр құзыреттілік бойынша **бір Қатысушыны немесе бір команданы** ғана ұсынуға құқылы.

Республикалық чемпионатқа қатысу үшін әрбір құзыреттілік бойынша әр өңірден бір команда немесе бір ғана қатысушы қатыстыруға өтініш бере алады.

6.1.2 Жас шектеуі

Республикалық чемпионатқа техникалық сипаттамада басқа жас шектеулері белгіленген құзыреттіліктерді қоспағанда, **чемпионат өткізілетін күнтізбелік жылы 16 жасқа толған және 22 жасқа толмаған** қатысушылар жіберіледі.

6.1.3 Бір қатысушы / команда – бір құзыреттілік

Қатысушы немесе команда чемпионатқа **бір күнтізбелік жыл ішінде тек бір құзыреттілік бойынша ғана** қатыса алады.

Бір қатысушының өңірлік және республикалық чемпионаттарға **бір құзыреттілік бойынша екі реттен артық қатысуына жол берілмейді.**

Бұрын республикалық чемпионатта **жүлделі орын алған қатысушылар**, сондай-ақ халықаралық чемпионаттарға қатысқан қатысушылар:

- WorldSkills International
- WorldSkills Europe

өңірлік және республикалық чемпионаттарға қатысушы ретінде жіберілмейді.

6.1.4 Ерекше қажеттіліктері бар / денсаулық мүмкіндігі шектеулі қатысушылар

WorldSkills Kazakhstan қозғалысы Abilympics Халықаралық федерациясымен ынтымақтастықты қолдайды.

- Ерекше білім беру қажеттіліктері бар немесе денсаулық мүмкіндігі шектеулі қатысушылар чемпионатқа қатыса алады, егер олардың денсаулық жағдайы белгіленген мерзімде тапсырмаларды орындауға кедергі келтірмесе.

- Жұмыс орнын дайындау үшін **қосымша уақыт берілуі мүмкін.**

- Олардың тапсырмалары **жалпы тәртіппен бағаланады.**

6.2 ТИМ ЛИДЕР

6.2.1 Анықтамасы

Тим лидер — чемпионат барысында қатысушылармен тұрақты байланыста болатын тұлға.

Тим лидердің негізгі атқаратын қызметі:

- қатысушылардың денсаулығын, психологиялық жағдайын және қауіпсіздігін бақылау,

- олардың тәртібі мен мінез-құлқына жауап беру.

Тим лидер сондай-ақ, қатысушылардың ұйымдастырушы жоспарлаған барлық іс-шараларға қатысуын қамтамасыз етеді.

6.2.2 Саны

Әр өңірден немесе ұйымнан қатысушылар санына қарамастан **2** тим лидерден артық жіберілмейді.

6.2.3 Денсаулық жағдайы немесе жазатайым жағдай

Егер қатысушы ауырып қалса немесе жазатайым жағдай орын алса, бұл туралы дереу тиісті команданың тим лидері хабардар етіледі.

Тим лидер Эксперт-компатриотпен бірге белгіленген тәртіпте **Техникалық делегатты хабардар етеді.**

6.3 ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ БАСҚАРУ КОМАНДАСЫ

Әр құзыреттілік бойынша құзыреттілікті басқару командасы құрылады. Оның құрамына:

- Алаң менеджері
- Қазылар алқасының төрағасы
- Бас сарапшы
- Бас сарапшының орынбасары кіреді.

Бұл команда тиісті құзыреттілік бойынша конкурсты ұйымдастыру мен өткізуге жалпы басшылық жасайды.

6.3.1 Жауапкершілік

Құзыреттілікті басқару командасы:

- Конкурсты ұйымдастыруға, дайындауға және өткізуге;
- осы Ережелер талаптарының сақталуына;
- қабылданған шешімдердің орындалуына жауапты болады.

6.4 КОНКУРС АЛАҢЫН БАСҚАРУШЫ (ПЛОЩАДКА МЕНЕДЖЕРІ)

Конкурс алаңын басқарушы — чемпионатқа дайындық және өткізу кезеңінде конкурс алаңын дайындау, техникалық қамтамасыз ету және жұмысын ұйымдастыруға жауапты тұлға.

Конкурс алаңын басқарушының негізгі қызметтері:

- алаң бойынша құзыреттіліктің техникалық сипаттамасына және инфрақұрылымдық тізімге сәйкес дайын болуын қамтамасыз ету;

- жабдықтарды, құралдарды және материалдарды орналастыру, монтаждау, тексеру және демонтаждау;

- алаңдағы жабдықтардың жарамдылығы мен қауіпсіз қолданылуын бақылау;

- Бас сарапшымен, оның орынбасарымен және қазылар алқасының төрағасымен техникалық мәселелер бойынша өзара әрекеттесу;

- техникалық қызметкерлер мен мердігер ұйымдардың жұмысын үйлестіру;

- еңбек қауіпсіздігі, техника қауіпсіздігі және санитарлық талаптардың сақталуын қамтамасыз ету;

- жарыс кезінде туындаған техникалық және ұйымдастырушылық мәселелерді жедел шешу;

- жарыс басталғанға дейін **алаңды қабылдау** және чемпионат аяқталғаннан кейін **оны жабу жұмыстарына қатысу**.

Алаң менеджері өз қызметін **құзыреттілікті басқару командасымен бірлесіп және ұйымдастырушы белгілеген өкілеттіктер шегінде** жүзеге асырады.

6.5 БАС САРАПШЫ

6.5.1 Анықтамасы

Бас сарапшы — **WorldSkills** құзыреттілігі бойынша конкурстың әдістемелік және мазмұндық қамтамасыз етілуін жүзеге асыратын лауазымды тұлға. Ол конкурстық құжаттаманы әзірлеуге, бағалау жүйесін қалыптастыруға және сарапшылар қауымдастығын оқытуға жауап береді.

6.5.2 Тағайындау тәртібі

Бас сарапшыны конкурсты **Ұйымдастыру комитеті** тағайындайды. Тағайындау мүдделер **қақтығысы болмаған жағдайда** жүзеге асырылады.

6.5.3 Біліктілік талаптары

Бас сарапшы:

- тиісті бағыт бойынша **жоғары немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімге** ие болуы тиіс;

- **WorldSkills** сарапшылық қызметінде **кемінде 2 жыл тәжірибесі** болуы тиіс;

- **бас сарапшы деңгейіндегі WorldSkills аккредитациясына** ие болуы тиіс;

- конкурстық құжаттаманы және **бағалау жүйесін әзірлеу әдістемесін** меңгеруі тиіс;

- объективтілік пен тәуелсіздік қағидаларын бұзумен байланысты **тәртіптік жазаға тартылмаған болуы тиіс**.

6.5.4 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер

Бас сарапшыға:

- осы конкурс аясында бекітілген қатысушылардың болуы;

- осы конкурсқа қатысатын қатысушыларды дайындау, кеңес беру немесе басқа түрде қолдау көрсету;

- бағалау объективтілігіне әсер етуі мүмкін жеке, мүліктік, қызметтік немесе өзге де мүдделілік болған жағдайда шешім қабылдау;

- конкурстық тапсырмасы жабық (құпия) болатын құзыреттіліктерде бас сарапшы қызметін тәлімгер, жаттықтырушы немесе ұйым өкілі рөлімен қатар атқару;

- қатысушылардан, сарапшылардан, ұйымдардан немесе басқа тұлғалардан сыйақы, сыйлық немесе басқа да пайда алу тыйым салынады.

6.5.5 Функционалдық міндеттері

Бас сарапшы:

- академиялық адалдық қағидаларын сақтай отырып, халықаралық чемпионат материалдарын тікелей көшіруге немесе сөзбе-сөз аударуға жол бермей, конкурстық құжаттаманы және бағалау өлшемшарттарын әзірлейді және бекітуге ұсынады;

- сарапшылар қауымдастығына оқыту және нұсқама өткізеді;

- **WorldSkills** стандарттарының біркелкі қолданылуын қамтамасыз етеді;

- барлық сарапшылар үшін міндетті әдістемелік шешімдер қабылдайды;

- сарапшылардың кәсіби деңгейін анықтау және бағалауға жіберу үшін тестілеу жүргізеді, сондай-ақ бағалау жүйесіне сәйкес сарапшыларды бағалау жұмысына бөледі;

- С-1 күні WorldSkills регламенттеріне сәйкес конкурстық тапсырмаға кемінде 30% өзгеріс енгізу бойынша сарапшылар қауымдастығының жұмысын ұйымдастырады;

- анықталған бұзушылықтар мен тәуекелдер туралы ұйымдастырушыға дереу хабарлайды;

- мүдделер қақтығысы анықталған жағдайда сарапшыларды шеттетуге туралы бастама көтереді.

6.5.6 Сарапшылар қауымдастығының шешім қабылдау тәртібі

6.5.6.1

Жарысты өткізуге, конкурстық құжаттаманы қолдануға және әдістемелік немесе рәсімдік мәселелерге қатысты шешімдер мүмкіндігінше бірауыздан қабылданады.

6.5.6.2

Егер белгіленген немесе ақылға қонымды мерзімде бірауызды шешім қабылдау мүмкін болмаса, Бас сарапшы дауыс беру рәсімін бастайды.

Шешім қатысушы сарапшылардың жай көпшілігінің (50% + 1 дауыс) қолдауымен қабылданады.

6.5.6.3

Дауыстар тең болған жағдайда **Бас сарапшының дауысы шешуші болып табылады.**

6.5.6.4

Қабылданған шешімдер белгіленген тәртіппен міндетті түрде тіркелуі тиіс.

Шешім қабылдау кезінде болмаған сарапшылар оның мазмұны туралы **хабардар етіледі және қабылданған шешімді қайта қарауға немесе өзгертуге құқылы емес.**

6.6 БАС САРАПШЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ

6.6.1 Анықтамасы

Бас сарапшының орынбасары — **WorldSkills** құзыреттілігі бойынша жарыстарды ұйымдастыру-техникалық қамтамасыз етуге және конкурстық алаңның жұмыс істеуіне жауапты лауазымды тұлға.

6.6.2 Тағайындау тәртібі

Бас сарапшының орынбасары конкурстық алаңда жұмыс істейтін сарапшылар арасынан **мүдделер қақтығысының жоқтығы міндетті түрде расталған жағдайда** анықталады.

Бас сарапшының орынбасары тиісті құзыреттілік бойынша **сарапшылар қауымдастығының дауыс беруі арқылы жай көпшілік дауыспен** анықталады.

6.6.3 Біліктілік талаптары

Бас сарапшының орынбасары:

- тиісті құзыреттілік бойынша **бейінді білімі немесе расталған практикалық тәжірибесі** болуы тиіс;

- **WorldSkills сарапшылық қызметінде кемінде 2 жыл тәжірибесі** болуы керек, оның ішінде өңірлік және (немесе) республикалық чемпионаттарға қатысу тәжірибесі болуы тиіс;

- конкурстық алаңдарды жабдықтау, қауіпсіздік және ұйымдастыру талаптарын білуі қажет;

- жарыстарды ұйымдастыру мен өткізуге байланысты тәртіптік бұзушылықтары болмауы тиіс.

6.6.4 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер

Бас сарапшының орынбасарына:

- бекітілген қатысушылардың болуы немесе оларды кез келген түрде сүйемелдеу;

- қатысушылардың нәтижелерін бағалауға қатысу;

- сарапшыларға баға қоюға әсер ету;

- бас сарапшының орынбасары қызметін тәлімгер, жаттықтырушы немесе қатысушы ұйым өкілі рөлімен қатар атқару;

- жарысқа байланысты қатысушылардан, сарапшылардан немесе басқа тұлғалардан материалдық немесе материалдық емес пайда алу тыйым салынады.

6.6.5 Функционалдық міндеттері

Бас сарапшының орынбасары:

- конкурстық алаңның, жабдықтардың және инфрақұрылымның дайындығын қамтамасыз етеді;

- жабдықтардың конкурстық құжаттама талаптарына сәйкестігін бақылайды;

- жарыс кезінде конкурстық алаңның техникалық және инфрақұрылымдық жұмысын ұйымдастырады;

- техникалық қызметкерлер мен еріктілердің жұмысын үйлестіреді;

- еңбек қауіпсіздігі мен техника қауіпсіздігі талаптарының сақталуын қамтамасыз етеді;

- жабдықтарды, материалдарды және инфрақұрылымды сатып алу немесе жалға алу үшін техникалық тапсырмалар, спецификациялар және негіздемелер дайындайды;

- жарысты дайындау және өткізу барысында пайдаланылған шығын материалдарын есептен шығару құжаттарын дайындайды;

- сатып алу рәсімдеріне, жеткізушілерді таңдауға, келісімшарт жасауға және қаржылық шешімдер қабылдауға қатыспайды;

- жалға алынған және сатып алынған ресурстардың конкурстық құжаттама талаптарына сәйкестігін бақылауды жүзеге асырады;

- анықталған бұзушылықтар, тәуекелдер және сәйкессіздіктер туралы бас сарапшыны дереу хабардар етеді.

6.6.6 Жауапкершілік

Бас сарапшының орынбасары:

- конкурстық алаңның техникалық және инфрақұрылымдық дайындығына;

- қауіпсіздік талаптарының сақталуына;

- конкурстың өткізілуіне әсер етуі мүмкін анықталған бұзушылықтар мен тәуекелдер туралы бас сарапшыны уақытында хабардар етуге жауапты болады.

6.7 ЭКСПЕРТ-КОМПАТРИОТ

6.7.1 Анықтамасы

Эксперт-компатриот — чемпионатқа қатысу үшін тіркелген **өңірді немесе ұйымды ұсынатын WorldSkills сарапшысы**. Ол осы Ережелерге сәйкес жарысты дайындауға және өткізуге тартылады.

Эксперт-компатриот мәртебесі **бағалау процесіне автоматты түрде қатысу құқығын бермейді** және осы Ережелер талаптарын орындаудан босатпайды.

Тиісті құзыреттілік бойынша **өңірлік Бас сарапшы**, біліктілік талаптары сақталған және мүдделер қақтығысы болмаған жағдайда, республикалық чемпионатқа өңір атынан **эксперт-компатриот ретінде қатысуға ұсынылады**.

6.7.2 Біліктілігі мен тәжірибесі

Эксперт-компатриот:

- аккредиттелген құзыреттілік бойынша **ресми немесе танылған біліктілікке**, сондай-ақ өндірістік немесе практикалық тәжірибеге ие болуы тиіс;
- республикалық немесе өңірлік чемпионат басталғанға дейін WorldSkills Kazakhstan қозғалысының **Ұлттық операторы тарапынан сертификатталуы тиіс**;
- чемпионаттың **Ережелерін, Техникалық сипаттамасын, инфрақұрылымдық тізімін және басқа ресми құжаттарын білуі және сақтауы тиіс**;
- **адалдық, объективтілік, бейтараптық және ынтымақтастыққа дайындық** сияқты жоғары кәсіби және этикалық қасиеттерге ие болуы тиіс.

6.7.3 Тағайындау, тіркеу және бағалауға жіберу

Әр өңір немесе ұйым қатысушы тіркелген әр құзыреттілік бойынша бір **эксперт-компатриот тағайындай** алады.

Өңір немесе ұйым **эксперт-компатриотты чемпионат басталғанға дейін кемінде екі ай бұрын тіркеуі тиіс**.

Егер бұл мерзім сақталмаса, **эксперт-компатриоттың чемпионатты дайындауға және өткізуге қатысуы Ұйымдастырушының немесе құзыреттілікті басқару командасының келісімімен ғана мүмкін** болады.

Эксперт-компатриот бағалауға тек келесі шарттар орындалған жағдайда ғана жіберіледі:

- құзыреттілік бойынша **практикалық тестілеуден өтуі**;
- бағалау әдістемесін білу бойынша тест нәтижесі **белгіленген шектен төмен болмауы**;
- **бас сарапшының ресми рұқсатының болуы**.

Эксперт-компатриот **өз қатысушысын бағалауға құқылы емес**.

Бағалауға жіберілмеген **эксперт-компатриот конкурстық алаңда тек бақылаушы ретінде ғана қатыса** алады.

6.7.4 Міндетті оқыту және сертификаттау

Барлық **эксперт-компатриоттар міндетті оқытудан өтіп**, WorldSkills Kazakhstan ұлттық операторы тарапынан **белгіленген тәртіпте сертификатталуы тиіс**.

6.7.5 Чемпионат басталғанға дейінгі міндеттері

Эксперт-компатриот чемпионат басталғанға дейін:

- чемпионат сарапшысы ретінде тіркелуі;
- еңбек қауіпсіздігі және техника қауіпсіздігі талаптарын зерделеуі;
- бағалау стандарттарын, техникалық сипаттаманы, инфрақұрылымдық тізімді, этика кодексін және басқа құжаттарды оқып, сақтауы;
- құзыреттілік бойынша практикалық тестілеуден өтуі;
- қажет болған жағдайда конкурстық тапсырма немесе модуль дайындауы;
- техникалық сипаттаманы жаңарту бойынша ұсыныстар енгізуі тиіс.

6.7.6 Чемпионат кезінде міндеттері

Чемпионат кезінде эксперт-компатриот:

- бас сарапшының және құзыреттілікті басқару командасының нұсқауларына сәйкес әрекет етеді;
- бағалауға ресми рұқсат болған жағдайда ғана қатысады;
- конкурстық тапсырманың құпиялылығын сақтайды;
- қажет болған жағдайда конкурстық тапсырмаға 30% немесе одан да көп өзгеріс енгізу жұмысына қатысады;
- бағалау кезінде объективтілік пен бейтараптықты сақтайды;
- жарысты ұйымдастыруға және келесі чемпионаттарға арналған тапсырмаларды әзірлеуге көмектеседі;
- қатысушылардың қауіпсіздік талаптарын сақтауын бақылайды;
- конкурстық алаңнан бас сарапшының рұқсатымен ғана шыға алады.

6.7.7 Этикалық өлшемшарттар

Эксперт-компатриот кәсіби этика, адалдық және әділдік стандарттарын сақтауы тиіс.

Эксперт-компатриотқа:

- кейбір қатысушыларға артықшылық беретін жағдай жасау;
- конкурстық тапсырма туралы алдын ала немесе қызметтік ақпарат беру;
- басқа сарапшылармен бағалау нәтижесіне әсер ету мақсатында келісу

тыйым салынады.

6.7.8 Құпиялылық

Эксперт-компатриотқа чемпионат басталғанға дейін және чемпионат барысында конкурстық тапсырма, оның өзгерістері немесе бағалау рәсімдері туралы ақпаратты қатысушыға немесе үшінші тұлғаларға беруіне тыйым салынады.

6.7.9 Қатысушымен байланыс

Эксперт-компатриоттың өз қатысушысымен конкурстық тапсырманы орындау мәселелері бойынша тікелей байланыс жасауына тыйым салынады. Байланыс тек бас сарапшы немесе уәкілетті тұлғалар арқылы жүзеге асуы мүмкін.

6.7.10 Сарапшылар кеңесі

Сарапшылар, Бас сарапшы, техникалық делегаттар және алаң менеджерлері жарысты дайындау, тапсырманы талқылау және бағалау рәсімдерін үйлестіру үшін сарапшылар кеңесін өткізе алады.

6.7.11 Сарапшылар кеңесінің шешімдері

Сарапшылар кеңесінде дайындық кезеңінде қабылданған және көпшілік дауыспен бекітілген шешімдер міндетті болып табылады.

Кворум тиісті құзыреттілік бойынша тіркелген сарапшылардың кемінде үштен екісі қатысқанда қамтамасыз етіледі.

Дауыс беру ашық түрде жүргізіледі.

Дауыс беру кезінде қатыспаған сарапшы қабылданған шешім туралы хабардар етіледі және оны қайта қарауды талап ете алмайды.

6.8 ТӘУЕЛСІЗ САРАПШЫ

6.8.1 Анықтамасы

Тәуелсіз сарапшы – WorldSkills құзыреттілікті бойынша чемпионатқа қатысушылардың нәтижелерін объективті және бейтарап бағалауды қамтамасыз ету мақсатында тартылатын тұлға. Ол конкурс қатысушыларымен байланысты емес және өңірлік командалардың мүдделерін білдірмейді.

Тәуелсіз сарапшы өндіріс, бизнес, кәсіби қауымдастықтар немесе басқа да салалық секторларды ұсынады және өз қызметін осы Ережелерге, WorldSkills регламенттеріне және Ұйымдастырушының шешімдеріне сәйкес жүзеге асырады.

6.8.2 Тағайындау тәртібі

Тәуелсіз сарапшыны Ұйымдастырушы тиісті чемпионатқа тағайындайды.

Тағайындау кезінде міндетті түрде:

- мүдделер қақтығысының болмауы;
 - кәсіби және этикалық тәуелсіздік талаптарының сақталуы расталуы тиіс.
- Тәуелсіз сарапшы:
- белгілі бір өңірдің, ұйымның немесе қатысушының мүддесін білдірмейді;
 - өңірлік делегациялар құрамына кірмейді.

6.8.3 Біліктілік талаптары

Тәуелсіз сарапшы:

- тиісті құзыреттілік саласында расталған кәсіби тәжірибеге, оның ішінде өндірістік немесе практикалық қызмет тәжірибесіне ие болуы тиіс;
- WorldSkills стандарттарын, бағалау қағидаттарын және конкурстық рәсімдерді түсінуі тиіс;
- кәсіби тәуелсіздік және іскерлік адалдық беделіне ие болуы тиіс;
- объективтілік пен кәсіби этика қағидаларын бұзуға байланысты тәртіптік жазалары болмауы тиіс;
- чемпионат басталғанға дейін бағалау әдістері мен бағалау жүйесі бойынша нұсқаулықтан өтуі тиіс.

6.8.4 Тәуелсіздік талаптары және шектеулер

Объективтілікті қамтамасыз ету және мүдделер қақтығысын болдырмау мақсатында тәуелсіз сарапшыға:

- чемпионатқа қатысушыны ұсынған колледждің, білім беру ұйымының немесе басқа мекеменің өкілі болуға;
- осы чемпионатқа қатысатын қатысушыларды дайындауға, оқытуға немесе кеңес беруге;

• қатысушылардан, сарапшылардан немесе басқа мүдделі тұлғалардан материалдық немесе материалдық емес пайда алуға;

• белгіленген бағалау рәсімдерінен тыс сарапшыларға немесе қатысушыларға әсер етуге тыйым салынады.

6.8.5 Тәуелсіз сарапшының функциялары

Тәуелсіз сарапшы:

• бекітілген бағалау жүйесіне сәйкес қатысушыларды бағалауға қатысады;

• бағалау рәсімдерінің объективтілігі мен ашықтығын қосымша қамтамасыз етеді;

• бағалау өлшемшарттарын конкурстық құжаттама мен WorldSkills регламенттеріне қатаң сәйкес қолданады;

• өз құзыреттілігі шегінде даулы бағалау жағдайларын қарауға қатысады;

• бағалау барысында адалдық, тең жағдай және бейтараптық қағидаларының сақталуына ықпал етеді.

6.8.6 Жауапкершілігі

Тәуелсіз сарапшы:

• қойылған бағалардың объективтілігіне, дұрыстығына және кәсіби негізділігіне;

• осы Ережелерді, WorldSkills стандарттарын және құзыреттілікті басқару командасының нұсқауларын сақтауға;

• конкурстық құжаттаманың және бағалау нәтижелерінің құпиялылығын сақтауға;

• мүдделер қақтығысын болдырмауға жауап береді.

Егер осы Ережелер талаптары бұзылғаны анықталса, Ұйымдастырушы тәуелсіз сарапшыны чемпионатқа қатысудан шеттетуге туралы шешім қабылдауға құқылы.

6.8.7 Кәсіби этика және құпиялылық

Тәуелсіз сарапшы кәсіби этика нормаларын сақтауға, адал, бейтарап және тәуелсіз әрекет етуге міндетті.

Тәуелсіз сарапшыға чемпионат нәтижелері ресми жарияланғанға дейін:

• конкурстық тапсырма туралы;

• оған енгізілген өзгерістер туралы;

• бағалау нәтижелері туралы;

• басқа қызметтік ақпарат туралы мәліметтерді жариялауға тыйым салынады.

6.9 ТЕХНИКАЛЫҚ ДЕЛЕГАТ

6.9.1 Анықтамасы

Техникалық делегат – WorldSkills чемпионатына өңірлік немесе ұйымдық команданың қатысуын ұйымдастырушылық-әкімшілік тұрғыдан сүйемелдеуді жүзеге асыратын лауазымды тұлға.

Ол Ұйымдастырушы, қатысушылар және сарапшылар арасындағы өзара әрекеттесуді қамтамасыз етеді.

Техникалық делегат осы Ережелерге, WorldSkills регламенттеріне және Ұйымдастырушының шешімдеріне сәйкес әрекет етеді және чемпионатқа өңір командасының дайындық және қатысу процестерін үйлестіруге жауап береді.

6.9.2 Тағайындау тәртібі

Техникалық делегатты чемпионатқа қатысатын өңір немесе ұйым тағайындайды және ол Ұлттық оператордың бұйрығымен бекітіледі.

Тағайындау кезінде мүдделер қақтығысының болмауы міндетті түрде расталуы тиіс.

Егер техникалық делегат Техникалық комитеттің төрағасы болып тағайындалса, ол өз міндеттерін орындау үшін техникалық делегаттың ассистентін тағайындауға құқылы.

6.9.3 Негізгі функциялары

Техникалық делегат:

- чемпионатқа қатысатын өңірлік немесе ұйымдық команданы қалыптастырады және сүйемелдейді;
- қатысушылар мен сарапшылардың уақтылы тіркелуін қамтамасыз етеді;
- чемпионатқа өңір командасының сапарын ұйымдастырады;
- команда мүшелерінің этикалық нормалар мен осы Ережелер талаптарын сақтауын қамтамасыз етеді;
- ұйымдастырушыдан алынған шешімдер, түсіндірмелер және өзгерістер туралы ақпаратты қатысушылар мен сарапшыларға жеткізеді;
- чемпионатты дайындау және өткізу мәселелері бойынша ұйымдастырушыға кері байланыс береді.

6.9.4 Қатысушыларды ақпараттандыру

Техникалық делегат қатысушылардың чемпионаттың ресми құжаттарына уақтылы қол жеткізуін қамтамасыз етуі тиіс, оның ішінде:

- Чемпионат ережелері
- Техникалық сипаттама
- Инфрақұрылымдық тізім
- Этика және мінез-құлық кодексі
- Еңбек қауіпсіздігі нұсқаулықтары
- Конкурстық тапсырмалар
- басқа ресми материалдар.

6.9.5 Сарапшыларды ақпараттандыру және дайындау

Техникалық делегат:

- жаңа сарапшыларға және сертификатының мерзімі өткен сарапшыларға міндетті оқытуды ұйымдастырады;
- сарапшыларды олардың міндеттері мен жауапкершілігі туралы хабардар етеді;
- сарапшыларда чемпионаттың өзекті нормативтік және конкурстық құжаттарының болуын қамтамасыз етеді.

Техникалық делегат бағалау әдістемесіне араласпайды және бұл мәселелер бойынша бас сарапшының құзыреттілігіне кіретін шешімдерге ықпал етпейді.

6.9.6 Құзыреттілікті басқару жүйесіндегі мәртебесі

Техникалық делегат Ұйымдастырушы анықтаған құзыреттілік бойынша қазылар алқасының төрағасы ретінде құзыреттілікті басқару командасының құрамына кіреді.

Техникалық делегат қатысушыларды бағалау құқығына ие емес.

6.9.7 Қызметіне қойылатын шектеулер

Техникалық делегатқа:

- қатысушыларды бағалауға қатысуға;
- сарапшыларға баға қою немесе әдістемелік шешімдер қабылдау мәселесінде ықпал етуге;
- техникалық делегат қызметін тәлімгер, жаттықтырушы немесе қатысушыларды дайындайтын тұлға рөлімен қатар атқаруға;
- чемпионат қатысушыларынан немесе басқа тұлғалардан материалдық немесе материалдық емес пайда алуға тыйым салынады.

6.9.8 Жауапкершілігі

Техникалық делегат:

- өңірлік немесе ұйымдық команда мүшелерінің осы Ережелерді сақтауына;
- қатысушылар мен сарапшылардың уақтылы тіркелуіне және ұйымдастырушылық сүйемелдеуіне;
- команда мүшелеріне ресми ақпараттың толық әрі уақытында жеткізілуіне;
- Ұйымдастырушының шешімдерін орындауға және онымен өзара байланысқа жауап береді.

Егер техникалық делегат жоспарланған іс-шараларға себепсіз қатыспаса немесе міндеттерін тиісінше орындамаса, Ұйымдастырушы өңір командасының чемпионатқа қатысуын шектеу немесе басқа жауапты тұлғаны тағайындау туралы шешім қабылдауға құқылы.

6.9.9 Ұйымдастырушы және алаң менеджерімен өзара әрекеттесу

Техникалық делегат чемпионатты тиісті деңгейде өткізу және белгіленген регламенттердің сақталуын қамтамасыз ету мақсатында Ұйымдастырушы және конкурстық алаң менеджерімен өзара әрекеттесіп жұмыс істейді.

6.10. ТЕХНИКАЛЫҚ ДЕЛЕГАТТЫҢ АССИСТЕНТІ

6.10.1. Анықтамасы

Техникалық делегаттың ассистенті – бұл Техникалық делегатты алмастыратын және оның функцияларын толық көлемде немесе Ұйымдастырушы белгілеген шектерде орындайтын лауазымды тұлға. Бұл, соның ішінде, Техникалық делегат Чемпионат аясында басқа да функцияларды атқарып жатқан жағдайларда жүзеге асырылады.

Техникалық делегаттың ассистенті өз қызметін осы Қағидаларға, **WorldSkills** регламенттеріне және Ұйымдастырушының шешімдеріне сәйкес жүзеге асырады.

6.10.2. Тағайындау тәртібі

Техникалық делегаттың ассистенті Чемпионатқа қатысатын өңір немесе ұйым тарапынан ұсынылады және Ұлттық оператордың бұйрығымен бекітіледі. Техникалық делегат ассистентін тағайындау мүдделер қақтығысының болмауы міндетті түрде расталған жағдайда жүзеге асырылады.

6.10.3. Техникалық делегат ассистентінің функциялары

Техникалық делегаттың ассистенті:

- техникалық делегат болмаған жағдайда немесе оған басқа функциялар жүктелген кезде оның міндеттерін орындайды;

- өңірлік (немесе ұйымдық) команданың ұйымдастырушылық-әкімшілік сүйемелдеуін қамтамасыз етеді;
- Чемпионатты дайындау және өткізу мәселелері бойынша Құзыреттілікті басқару командасымен және Ұйымдастырушымен өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді;
- Конкурсанттар мен Сарапшыларды белгіленген мерзімде тіркеуге жәрдемдеседі;
- Ұйымдастырушының ресми ақпаратын, шешімдерін және түсіндірмелерін өңір командасының мүшелеріне жеткізуді қамтамасыз етеді;
- өз құзыреттілігі шегінде конкурстық алаңдағы ұйымдастырушылық процестерді үйлестіруге қатысады.

6.10.4. Кеңестер мен жұмыс іс-шараларына қатысу

Техникалық делегаттың ассистенті өзіне жүктелген функциялар шегінде Ұйымдастырушы, Құзыреттілікті басқару командасы және Техникалық комитет өткізетін барлық кеңестерге, жиналыстарға және жұмыс кездесулеріне қатысуға міндетті.

Сондай-ақ, ол өз жауапкершілігі шегінде қабылданған шешімдердің орындалуын қамтамасыз етуі тиіс.

6.10.5. Құзыреттілікті басқару жүйесіндегі мәртебесі

Техникалық делегаттың ассистенті Ұйымдастырушы айқындаған құзыреттілік бойынша Қазылар алқасының төрағасы болып тағайындалуы мүмкін.

Қазылар алқасының төрағасы функцияларын орындайтын Техникалық делегат ассистенті Чемпионат қағидаларының сақталуына жауап береді және конкурсанттарды бағалау құқығына ие болмайды.

6.10.6. Техникалық делегат ассистенті қызметінің шектеулері

Техникалық делегат ассистентіне мыналарға тыйым салынады:

- конкурсанттарды бағалауға қатысуға;
- бағалар қою немесе әдістемелік шешімдер қабылдау мәселелерінде сарапшыларға ықпал етуге;
- Техникалық делегат ассистенті функцияларын тәлімгер, жаттықтырушы немесе осы Чемпионатқа конкурсанттарды дайындайтын өзге тұлға рөлімен қатар атқаруға;
- Чемпионат қатысушыларынан немесе басқа да мүдделі тұлғалардан материалдық немесе материалдық емес пайда алуға.

6.10.7. Техникалық делегат ассистентінің жауапкершілігі

Техникалық делегаттың ассистенті өзіне берілген өкілеттіктер шегінде Техникалық делегаттың және (немесе) Қазылар алқасының төрағасының функцияларын тиісінше орындауға, осы Қағидаларды және Ұйымдастырушының шешімдерін сақтауға, сондай-ақ Құзыреттілікті басқару командасымен, Ұйымдастырушымен және Чемпионат қатысушыларымен дұрыс өзара әрекеттесуге жауапты.

Міндеттерді тиісінше орындамаған, дәлелді себепсіз міндетті іс-шараларға қатыспаған немесе осы Қағидаларды бұзған жағдайда Ұйымдастырушы Техникалық делегат ассистентін функцияларын орындаудан шеттету және басқа жауапты тұлғаны тағайындау сияқты шараларды қолдануға құқылы.

6.11. АПЕЛЛЯЦИЯЛЫҚ КОМИТЕТ

6.11.1. Анықтамасы

Апелляциялық комитет – бұл Чемпионат барысында туындайтын апелляциялар мен даулы мәселелерді қарау үшін құрылатын алқалы орган. Мұндай мәселелер Құзыреттілікті басқару командасы мен конкурс алаңындағы Қазылар алқасының төрағасы деңгейінде шешілмеген жағдайда Апелляциялық комитеттің қарауына беріледі.

Апелляциялық комитет өз қызметін осы Қағидаларға, **WorldSkills** регламенттеріне және Ұйымдастырушының шешімдеріне сәйкес жүзеге асырады.

6.11.2. Құрамы және қалыптастыру тәртібі

Апелляциялық комитет **Техникалық комитет мүшелерінің құрамынан құрылады** және мыналардан тұрады:

- Апелляциялық комитет төрағасы;
- Апелляциялық комитеттің кемінде 4 мүшесі.

Апелляциялық комитеттің жалпы саны **төрағасы қоса алғанда 7 адамнан аспайды.**

Отырыс өткізу және шешім қабылдау үшін құрам **төрағасы қоса алғанда кемінде 5 мүшеден** тұруы тиіс.

Апелляциялық комитет төрағасы **апелляциялық комитет мүшелері тарапынан ашық дауыс беру арқылы қарапайым көпшілік дауыспен** сайланады.

Апелляциялық комитеттің құрамы **Республикалық чемпионат басталғанға дейін Техникалық комитеттің хаттамасымен бекітіледі.**

6.11.3. Апелляциялық комитеттің құзыреттілікті

Апелляциялық комитет Чемпионат барысында туындайтын апелляциялар мен даулы мәселелерді тек келесі жағдайда қарайды: тиісті мәселе құзыреттілік алаңында Құзыреттілікті басқару командасы және Қазылар алқасының төрағасы тарапынан шешілмеген кезде.

Апелляциялық комитет:

- Чемпионатты өткізу рәсімдерінің, регламенттердің және Қағидалардың сақталуына қатысты апелляцияларды қарайды;
- бағаларды қою процесіне, сарапшылардың кәсіби пікіріне және бағалау әдістемесіне араласпайды.

Ерекше жағдай ретінде **бағалау рәсімінің өрескел бұзушылықтары анықталған**, әрі олар жарыстың қорытынды нәтижесіне әсер еткен немесе әсер етуі мүмкін болған жағдайда ғана араласуға құқылы.

6.11.4. Шешім қабылдау тәртібі

Апелляциялық комитеттің шешімдері белгіленген құрам болған жағдайда отырысқа қатысқан мүшелердің **жай көпшілік дауысымен** қабылданады.

Апелляциялық комитеттің шешімдері **хаттамамен рәсімделеді** және Чемпионаттың барлық қатысушылары үшін міндетті болып табылады.

6.11.5. Шектеулер және мүдделер қақтығысы

Апелляциялық комитет мүшелері апелляцияны қарау барысында **объективтілік пен бейтараптылыққа әсер етуі мүмкін жағдайлар болған кезде өзін-өзі шеттетуге міндетті.**

Мүдделер қақтығысы анықталған жағдайда тиісті мүше апелляцияны қараудан шеттетіледі.

6.11.6. Апелляциялық комитет шешімдерінің мәртебесі

Апелляциялық комитеттің шешімдері тиісті Чемпионат шеңберінде түпкілікті болып табылады және құзыреттілік деңгейінде қайта қаралуға жатпайды.

7. ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ БАСҚАРУ

7.1. ЧЕМПИОНАТ АЛДЫНДА

7.1.1. Адалдық, ашықтық және әділдік

Чемпионат конкурсанттары осы Қағидаларға, WorldSkills регламенттеріне және Әдеп пен мінез-құлық кодексіне сәйкес әділдік, адалдық және ашықтық қағидастарына негізделген тең қатысу жағдайларына құқылы.

7.1.2. Қатысушыларды ақпараттандыру

Чемпионат басталғанға дейін қатысушыларға конкурстық тапсырма туралы ақпарат берілуі тиіс, соның ішінде:

- бағалау өлшемшарттары, оның ішінде бағалау балдарының жиынтық ведомосі (бағалаудың соңғы аспектілерін ашпай);
- құзыреттіліктің техникалық сипаттамасына сәйкес пайдалануға рұқсат етілген немесе тыйым салынған қосымша материалдар мен заттар.

Конкурсанттарға Чемпионатты ұйымдастыру туралы да ақпарат беріледі, оның ішінде:

- еңбек қауіпсіздігі, техника қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі нұсқаулықтар және оларды сақтамаудың салдары;
- Чемпионаттың кестесі (конкурс күндері мен модульдерінің басталу және аяқталу уақыты, үзілістер);
- конкурстық алаңға кіру және шығу тәртібін реттейтін ережелер;
- жабдықтар мен құралдарды тексеру тәртібі (қажет болған жағдайда);
- Чемпионат қағидаларын және Әдеп пен мінез-құлық кодексін бұзған жағдайда қолданылатын санкциялар мен айыппұлдардың сипаты мен көлемі.

Қатысушыларға барлық құралдарды, жабдықтарды және материалдарды қауіпсіз пайдалану үшін жеке жауапкершілік жүктелетіні түсіндіріледі.

Сондай-ақ, Чемпионат басталғанға дейін сарапшылар техникалық сипаттамаға сәйкес көрсетілмеген материалдар мен жабдықтарды тексеретіні хабарланады.

Тулбокстарды күнделікті тексеру құзыреттіліктің техникалық сипаттамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

7.1.3. Жұмыс орындарын бөлу

Жұмыс орындары конкурсанттар арасында жеребе арқылы бөлінеді. Жеребені Бас сарапшы немесе оның орынбасары жүргізеді.

7.1.4. Алаңмен және жабдықтармен танысу

Чемпионат басталғанға дейін қатысушыларға:

- жұмыс орындарын дайындау;
- құралдар мен материалдарды тексеру және дайындау үшін уақыт беріледі.

Жабдықтармен, құралдармен, материалдармен және технологиялық процестермен танысу:

- Бас сарапшының орынбасарының;
- сарапшылардың;
- алаң менеджерінің жетекшілігімен жүзеге асырылады.

Танысу фактісі **тиісті хаттамамен рәсімделеді.**

Белгіленген тәртіптен кез келген ауытқулар тек **Құзыреттілікті басқару командасының шешімімен** ғана рұқсат етіледі.

7.1.5. Өлшеу құралдарын тексеру

Бағалау жүргізу кезінде конкурсанттың өлшеу құралдары пайдаланылады, егер құзыреттіліктің техникалық сипаттамасында өзгеше көзделмесе.

7.1.6. Жеке деректер, медициналық талаптар және тілдік таңдаулар

Қатысушылар келесі құжаттарды ұсынуға міндетті:

- жеке басын куәландыратын құжат;
- туған күні көрсетілген құжат;
